

Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысына қосымшаларды толықтыру тәртібі туралы Нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1997 жылғы 10 наурыздағы N 63, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1997 жылғы 10 наурыздағы N 26-п бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 8 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 280. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 257-ө бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңына сәйкес Бұйырамын:

1. "Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысына қосымшаларды толықтыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 1997 жылғы 10 наурыздағы N 26-б бұйрығының (мемлекеттік тіркеу тізімдемесінде 1997 жылдың 8 сәуірінде N 280 тіркелген) күші жойылды деп танылсын...

Министр

Бекітілген
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
N 63 бұйрығымен
10 наурыз 1997 жыл

Бекітілген
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігінің N 26-п
б ұ й р ы ғ ы м е н
06 наурыз 1997 жыл

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 17 маусымдағы N 3037 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен қамтамасыз ету тәртібі туралы Ереженің 24-тармағына сәйкес, мемлекеттік қызметшілерді қызмет өткерген жылдары бойынша, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылғандығы бойынша Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Заңымен тағайындаған мөлшер шегінде

зейнетақы төлеуді қаржыландыру Зейнетақы қоры қаржысы есебінен жүргізіледі. Бұл зейнетақы мөлшерінің қалған бөлігі, сондай-ақ қызмет өткерген жылдары бойынша зейнет жасына жетпей, осы Ереженің 6-тармағында көзделген, мерзімнен бұрын тағайындалған зейнетақының толық көлемі мемлекеттік бюджет (жергілікті және республикалық) қаржысы есебінен қаржыландырылады. Мемлекеттік қызметшілердің зейнатықысының кепілді мөлшері, оларды қаржыландыратын түрлі көздер екі бөліктен тұрады.

Бұл екі көздің әрқайсысының мемлекеттік қызметшінің зейнетақы көлемін қалыптастыруға қатысты үлесін анықтау үшін аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары мемлекеттік қызметшіге тағайындалатын зейнетақы көлемі екі бөлік бойынша есептеу арқылы жүзеге асырылады: зейнетақының бірінші бөлігінің көлемі (негізгі немесе базалық) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Заңына (одан әрі-Негізгі зейнетақы Заңы) сәйкес есептеледі, екінші бөлігі (мемлекеттік бюджеттен қосымша төлеу) Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 17 маусымдағы N 3037 Қаулысымен (одан әрі - Қазақстан Республикасы Президентінің 17.06.1996 ж. N 3037 Қаулысы бекітілген, мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен қамтамасыз ету тәртібі туралы Ережемен сәйкес есептелген мемлекеттік қызметшілердің зейнетақы көлемі арасындағы айырмашылық және мөлшердің негізгі бөлігі (базалық) ретінде айқындалады.

$$\Pi_{\text{мем}^*} = \Pi_{\text{баз}} + \text{ҚОС}_{\text{мб}}$$

$\Pi_{\text{мем}}$ - Президентінің N 3037
Жарлығына сәйкес
есептелген зейнетақы көлемі

$$\text{ҚОС}_{\text{мб}} = \Pi_{\text{мем}} - \Pi_{\text{баз}}$$

$\Pi_{\text{баз}}$ - Негізгі зейнетақы Заңы
бойынша есептелген базалық
зейнетақы көлемі

$\text{ҚОС}_{\text{мб}}$ - мемлекеттік бюджеттен
қосылған сома базалық
зейнетақы көлеміне
жергілікті немесе
республикалық бюджеттен

Мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен қамтамасыз ету туралы Ереженің 14 тармағына сәйкес тек Зейнетақы қоры қаржысы есебінен төленетін, Зейнетақы қоры және асыраушысынан айырылғандығы бойынша зейнетақы қаржыларының

қатысуынсыз тиісті бюджет қаржылары есебінен төленетін, 2 жыл көлемінде мерзімнен бұрын тағайындалған зейнетақылардан басқалары.

Қазақстан Республикасы Президентінің 17.06.1996 жылғы N 3037 Жарлығы негізінде тағайындалған мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысының көлемі Негізгі зейнетақы Заңына сәйкес есептелген зейнетақы қоры көлемінен базалық зейнетақы көлемінің қосымшасынан асқан жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерге зейнетақы жасына жетпей мерзімнен тыс тағайындалған зейнетақыларды төлеу мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен жүргізіледі, еңбек ақысы жергілікті бюджет есебінен төленген мемлекеттік қызметшілер үшін жергілікті бюджет қорына, еңбек ақысы Республикалық бюджет есебінен төленген мемлекеттік қызметшілер үшін - республикалық бюджет қорынан.

Осыларға байланысты жергілікті және республикалық бюджеттерде жыл сайын 06 міндеткер топ, 01 міндеттер, 06 ішкі міндеттер, 213 мекеме, 42 бағдарлама бойынша қолданымдағы бюджеттік сыныптамаға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысына қосымшаларды толықтыруға және мемлекеттік қызметшілерге зейнетақы жасына жетпей мерзімнен тыс тағайындалған зейнетақыларға төлеуге қаржы қарастырылады. Зейнетақы қорына көрсетілген қосымшаларды толықтыру тәртібі мынадай:

1. Жергілікті еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары мемлекеттік қызметшілерге қосымшадағы заңдарға сәйкес зейнетақы тағайындауды жүзеге асырады, зейнетақының базалық көлемін есептейді және зейнетақының немесе қосымшаларды толықтырудың бюджеттік бөлігін, сондай-ақ оның қаржыландыру көзін немесе республикалық бюджеті анықтайды. Зейнетақы ісін толықтыру кезінде титульдық параққа міндетті түрде Өткерген жылдары бойынша зейнеткер мемлекеттік қызметші зейнеткердің дәрежесі, мемлекеттік қызметшінің зейнетке шығар алдында еңбек ақы төлеу жүзеге асырылған бюджет деңгейінің есебін есептеу отырып, зейнеткер-мемлекеттік қызметшінің деңгейін көрсетеді, жергілікті немесе республикалық.

2. Облыстардың, Алматы қаласының қаржы басқармалары 6 міндеткер топ, 213 мекеме, 42 бағдарлама, 00 ішкі бағдарлама, 333 арнаулы ерекшелік шығыстардың бюджеттік коды 2134200333 бойынша шығыстардың сметасына сәйкес ай сайын облыстардың, Алматы қаласының Зейнетақы қорының ағымдағы (829) шотына аванстық тәртіппен одан әрі аударып тұру үшін облыстардың еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларына Алматы қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармасына мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысына қосымшаларды толықтыруға жергілікті бюджетте көзделген қаржыларды бөледі. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі сметалық шығыстарға сәйкес республикалық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысына қосымшаларды толықтыру үшін республикалық бюджетте

көзделген, қазынашылық рұқсатпен Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорының ағымдағы шотына (шоты 829) аванстық тәртіппен, одан әрі аударып тұру үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ай сайын қаржы бөледі.

3. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі облыстық басқармалары, Алматы қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармасы "Зейнетақы қорына қаржылардың түсуі және жұмсалуды туралы" 2-ПФ үлгісі, "Зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындау мен төлеу туралы" 1-собес.

"Зейнеткерлердің саны және оларға тағайындалған айлық зейнетақының сомасы" 94 РИК үлгісімен жартыжылдық және жылдық есеп беру бойынша тоқсан сайын есеп беруді қалыптастыру кезінде мемлекеттік қызметшілерге тағайындалған зейнетақылардың түрлерін көрсетіп, қаржыландыру көздері бойынша тағайындалған және төленген зейнетақылар ажыратылып мемлекеттік қызметшілерге зейнетақы тағайындау және төлеу жөніндегі нақтылы мәліметтер, сондай-ақ зейнеткер-мемлекеттік қызметшілерге сомалармен төлеуді мемлекеттік бюджет үлесін Зейнетақы қорына толықтыру жөніндегі мәліметтер көрініс табады, осы жағдайларға байланысты көрсетілген үлгілерге тиісті өзгертулер енгізілді:

2 - П Ф ү л г і с і б о й ы н ш а
1 - т а р а у . К і р і с т е р

151 жолдан кейін "оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің 17.06.1996 ж. N 3037 Жарлығының 24-тармағы негізінде мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысына қосымшаларды толықтыру үшін Зейнетақы қорына жергілікті бюджеттен түсетін қаржылардың сомасы көрсетілген 152-жол енгізілген. Аталған соманың есепте көрініс табуы кезінде облыстық қаржы басқармасымен келісілген болуы керек.

181-жолдан кейін, республика деңгейіндегі мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысына қосымша республикалық бюджеттен нақтылы түскен қаржылар көрініс табатын, "Қазақстан Республикасы Президентінің 17.06.1996 ж. N 3037 Жарлығының 24-тармағы негізінде мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысына республикалық бюджетте қосымшаларды толықтырып 152-жолы енгізілген.

2 - т а р а у . Ш ы ғы с т а р
- 2 2 1 ж о л д а н к е й і н :

- есепті мерзім ішінде П_{баз} - базалық зейнетақылардың сомалары көрсетілетін "оның ішінде, Негізгі зейнетақы Заңына сәйкес тағайындалған, зейнеткер-мемлекеттік қызметшілерге зейнетақы төлеу" 222.

- тиісті бюджеттік қорлардан толықтыруға жататын ҚОС_{мб} мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысына республикалық және жергілікті бюджеттер

есебінен қосымшаларды толықтыру сомасы көрініс табатын, "оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің 17.06.1996 ж. N 3037 Жарлығының 24-тармағы негізінде мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысына қосымшаларды толықтыру" 223 жолдары енгізілген.

"Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу бойынша контингенттер туралы МӘЛІМЕТ тарауындағы "ҚР-дағы азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңға сәйкес зейнетақы алатын зейнеткерлердің саны" жолынан кейін, зейнеткер-мемлекеттік қызметшілер саны және оларға төленген зейнетақы сомасы ($P_{\text{мем}}$). Көрсетілген соманың $222 + 223 (P_{\text{баз}} + QOC_{\text{мб}})$ жолдарының сомасына сәйкес келуі керектігі көрініс табатын, "ҚР Президентінің 17.06.96 ж. N 3037 Жарлығына сәйкес зейнетақы алатын зейнеткерлердің саны жолы е н г і з і л г е н .

1 - с о б е с ү л г і с і б о й ы н ш а .

10-жолдан кейін барлық тағайындалған түрлер бойынша мемлекеттік қызметшілерге зейнетақы тағайындау және төлеу көрсетілген 11-26 жолдар енгізілген: жасы толғандығы бойынша, екі жыл шегінде мерзімнен бұрын, жеке жағдайы бойынша, тағайындалған қаржы көздерін бөле отырып, асыраушысынан айырылғандығына байланысты.

- "оның ішінде мемлекеттік қызметшілер, барлығы" 11-жол бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің 17.06.96 ж. N 3037 Жарлығына сәйкес сомасы тағайындалған, зейнеткер- мемлекеттік қызметшілердің жалпы саны кө р і н і с т а б а д ы ;

- "а) Зейнетақы қоры қаржысынан төленетін базалық зейнетақы сомасы" тиісті бюджеттердің есебінен екі жыл шегінде зейнетақы төленетін, мерзімнен бұрын тағайындалған зейнетақыдан басқа, мемлекеттік қызметшілердің саны көрсетіледі. Негізгі зейнетақы Заңы және Зейнетақы қоры қаржысына сәйкес тағайындалған базалық зейнетақының сомасы көрініс табады. 12-жол бойынша төленген зейнетақылардың көрсетілген сомасы 2-ПФ үлгісінің 222-жолы бойынша зейнетақы сомасына сәйкес келуі керек;

- "б) Республикалық бюджет қоры есебінен базалық зейнетақыларға қосымшаларды толықтыру" 13-жол бойынша асыраушысынан айырылғандығы бойынша тағайындалған зейнетақылардан басқа республикалық деңгейдегі зейнетақыларды санын көрсетеді. Республикалық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің зейнетақыларына тағайындалған және төленген толықтырылған қосымшалардың және олардың орта көлемінің сомасы көрініс табады;

- "в) жергілікті бюджет қорынан базалық зейнетақыға қосымшаларды толықтыру: 14-жол бойынша, асыраушысынан айырылғандығы бойынша тағайындалған зейнеткерлерден басқа жергілікті деңгейдегі зейнеткерлердің

саны көрсетіледі. Жергілікті деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің зейнетақыларына тағайындалған және төленген толықтырылған қосымшалардың және олардың орта көлемінің сомасы көрініс табады;

15-26-жолдар бойынша мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысының Толтыру тәртібін тағайындау түрлері бойынша 11-14-жолдарға ұқсас жазылған. Мерзімнен бұрын тағайындалған зейнетақылардың зейнет жасына жеткенге дейін, бірақ екі жылдан артық емес тиісті бюджет қоры есебінен, ал асыраушысынан айырылғандығы бойынша зейнетақы толығымен Зейнетақы қоры есебінен төленетінін ескеру керек.

4. Облыстық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары, Алматы қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармасы тоқсан сайын келесі тоқсандық есеп беру айының 30-ы күнінен кешіктірмей, жергілікті бюджет қорының жұмсалған шығындарын нақтылау үшін облыстық қаржы басқармаларына есеп берудің 2-ПФ және 1-собес үлгілерін тапсырады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қаржы министрлігіне республикалық және жергілікті бюджеттердің жұмсалған шығындарын нақтылау үшін 25 ақпаннан, 25 мамырдан , 25 тамыздан және 25 қарашадан кешіктірмей 2-ПФ, 1- собес үлгілері бойынша біріккен есебін ұсынады.

5. Мемлекеттік қызметшілерге зейнетақы тағайындаудың дұрыстығына бақылауды, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдарының зейнетақыларға мемлекеттік бюджет қорларынан қосымшаларды толықтыруға жұмсалған шығындардың заңдылығын олардан жоғары тұрған органдар, сондай-ақ қаржы органдары тоқсан сайын жүзеге асырып отырады.

6. Мемлекеттік қызметшілердің зейнетақылары дұрыс есептелмегендігі бойынша артық төленген сома, оның ішінде, мемлекеттік бюджет қоры есебінен мемлекеттік қызметшілердің зейнетақысына артық төленген қосымшаларды толықтыру сомалары, азаматтық заңдармен тағайындалған тәртіптерге сәйкес реттеуге жатады.